

1 ақпан, 2021 жыл, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

## **«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2020 жылғы 4-тоқсандағы қызметінің операциялық нәтижелері**

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Қазатомөнеркәсіп, ҚАӨ немесе Компания) 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған төртінші тоқсан мен жыл бойындағы қызметінің операциялық нәтижелерін жариялайды.

Бұл жарияланым уран саласындағы соңғы оқиғалардың жиынтығын, сондай-ақ Компанияның төртінші тоқсан мен 2020 жылғы операциялық қызметінің негізгі нәтижелеріне және 2021 жылға арналған өндіру және сату жөніндегі болжамдарына қатысты алдын ала ақпаратты білдіреді. Қызметтің осы операциялық нәтижелеріндегі ақпарат түпкілікті емес, өзгертілуі мүмкін. 2021 жылғы 16 наурызда жариялау жоспарланған 2020 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық жай-күйі мен қызмет нәтижелерін талдауда ұсынылатын түпкілікті аудиттелген көрсеткіштерден айырмашылықтар болуы мүмкін.

### **Нарыққа шолу**

COVID-19 пандемиясы 2020 жылы әлемдік өнеркәсіпке әртүрлі дәрежеде әсер етті. Жыл соңында Халықаралық энергетикалық агенттік (бұдан әрі - ХЭА) 2020 жылы пандемияның электр энергиясын өндіруге әсері туралы ақпарат беретін электр энергиясы нарығы туралы есебін шығарды. Сол есепке сәйкес, әлемдік ЖІӨ экономикалық өсудің баяулауы мен вирустың таралуын болдырмауға бағытталған шараларға байланысты шамамен 4,4% төмендеген. ХЭА бағалауы бойынша электр энергиясын әлемдік тұтынуы шамамен 2%-ға кеміген, бұл ретте жаңартылатын көздерден өндіру 2019 жылмен салыстырғанда 7%-ға өседі деген болжам бар, ал көмір мен газдан электр энергиясын өндіру тиісінше шамамен 5% және 2%-ға қысқарады. Есепте келтірілген бағалауларға сәйкес, атом энергиясын өндіру 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 4%-ға төмендеді. Алайда, ХЭА атап өткендей, 2020 жылы атом энергиясы көлемінің төмендеуі ішінара 2019 жылдың соңы мен 2020 жылдың басында атом реакторларын пайдаланудан шығару және жабу арқылы туындаған.

Ядролық генерацияны азайту уранды тұтынуға қалыпты әсер етеді деп күтілсе де, COVID-19 пандемиясы уран ұсынысына әсер етуін жалғастырды. Желтоқсанда Cameco Corporation және Orano Canada COVID-19 пандемиясымен байланысты халық арасында жұқтыру қаупінің артуы салдарынан Канададағы Саскачеванның солтүстігіндегі Сигар-Лейк уран кеніші мен МакКлин-Лейк өңдеу кәсіпорнының уақытша тоқтатылатынын хабарлады. Cameco Corporation ақпаратына сәйкес, қайта іске қосу мерзімі мен өндіріс көлемі қажетті жұмыс күшінің қолжетімділік деңгейіне, Саскачеван мен оның солтүстік аудандарындағы жағдайды анықтау серпініне, сондай-ақ жергілікті денсаулық сақтау органдарының соңғы қорытындыларына байланысты болмақ.

Пандемиямен байланысы жоқ, бірақ уранның болашақ ұсынысына әсер ететін оқиға: Rio Tinto Group-тің Energy Resources of Australia еншілес компаниясы қырық жылдық өндірістік қызметтен кейін Австралияның солтүстік аумағындағы Рейнджер кенішінде 2021 жылға жоспарланған уран өңдеу өндірісін жабуға кірісті. Осы кеніштегі өндірудің соңғы көлемдері туралы ақпаратты ескерсек, оның жабылуы уранның жылдық ұсынысын шамамен 1 350 тоннаға (3,5 млн фунт U3O8) азайтуға әкеледі деп болжам жасауға болады.

Ұсынысқа келетін болсақ, бразилиялық Industrias Nucleares do Brasil компаниясы Баия штатының (Бразилия) муниципалитеті Казтитте орналасқан Энженьо карьерінде уран өндірудің басталғаны туралы ақпарат таратты. 2022 жылы кеніш толық қуатына шыққанда, жылдық өндіріс көлемі 260 тонна уранды (шамамен 650 000 фунт U3O8) құрамақ, бұл елдің ядролық отынға деген ішкі қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Уранға деген сұранысқа қатысты төртінші тоқсанда орын алған бірқатар маңызды оқиғаларды атап өтуге

болады:

- Қазан айында China General Nuclear (CGN) Гуандун провинциясында орналасқан Тайпинлин-2 екінші энергия блогының құрылысы басталғанын хабарлады. Тайпинлин-1 энергия блогының құрылысы 2019 жылдың желтоқсанында басталған болатын, екі блок та Hualong One үлгісіндегі реактор дизайнына негізделген.
- Қарашаның соңында China National Nuclear Corporation (CNNC) Фуцзянь провинциясында орналасқан Фуцин АЭС №5 энергия блогы желіге қосылғанын және 2021 жылдың соңына қарай №6 Фуцин блогы қосылатынын хабарлады.
- Желтоқсан айында CNNC Фуцзянь провинциясында натрий жылу тасығышы бар CFR-600 бассейн түріндегі екінші жылдам нейтрондық реактор құрылысының басталғанын мәлімдеді.
- CGN компаниясы Қытайдың Чжэцзян провинциясындағы Санао атом электр станциясының бірінші блогының алғашқы бетоны құйылғанын хабарлады, бұл атом электр станциясының құрылысының ресми басталғанын аңғартады.
- Беларусь қараша айында Гродно облысының Островецкий ауданында орналасқан Беларусь АЭС-нің алғашқы энергетикалық блогы желіге электр энергиясын бере бастағанына байланысты әлемдік ядролық державалар тізіміне енді. Бұл ВВЭР-1200-дің Ресейден тыс жерде пайдалануға берілген алғашқы энергетикалық блогы. Екінші энергия блогының құрылысын 2022 жылдың ортасына қарай аяқтау жоспарланған.
- Ресейдегі Сосновый борда орналасқан «Росэнергоатом концерні» АҚ-ның Ленинград-II АЭС екінші энергия блогы қазанда желіге қосылып, 2020 жылдың қарашасында электр энергиясын бере бастады. ВВЭР-1200 типтес реактор 45 жыл жұмыс істегеннен кейін 2020 жылдың қарашасында тоқтатылған Ленинград атом электр станциясындағы екінші РБМК типті энергия блогын алмастырды.
- 2020 жылдың 31 желтоқсанында Швециядағы Рингхальс АЭС-нің алғашқы энергетикалық блогы, 910 МВт қайнаған су-сулы реакторы 44 жыл жұмыс істегеннен кейін ресми түрде тоқтатылды. Болжам бойынша, Рингхальс АЭС-тің қалған №3 және №4 блоктары тағы жиырма жыл жұмыс істеуі мүмкін.

Саясаттағы негізгі жаңалықтардан: Оңтүстік Кореяның Сауда, өнеркәсіп және энергетика министрлігі 2020-2034 жылдар аралығында электр энергиясына ұзақ мерзімді сұраныс пен ұсыныстың тоғызыншы базалық жоспарын жариялады. 2050 жылға қарай көміртектің нөлдік шығарындыларына қол жеткізу бойынша қойылған мақсатқа сәйкес, Оңтүстік Корея ескіретін көмір электр станциялары мен ядролық реакторларды пайдаланудан шығаруды жоспарлап отыр, бұл 2034 жылға қарай жаңартылатын энергия көздеріне көшуді жеделдетеді.


АҚШ әкімшілігі 2021 жылға арналған шоғырландырылған қаржы бөлу туралы Заң қабылдады, ол 2020 жылы ядролық отын жөніндегі жұмыс тобы ұсынған АҚШ-та уран қорын құру үшін 75 миллион АҚШ доллары көлеміндегі қаржыландыруды қамтиды. Ұсыныс мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған уранның ел ішіндегі өндірісін ұлғайту мақсатында уранға ішкі сұранысты қалыптастыруға бағытталған болатын.

## **Спот нарығы**

2020 жылдың төртінші тоқсанында споттық нарықтағы белсенділік алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда салыстырмалы түрде орташа болды. Белсенділіктің салыстырмалы түрде төмен деңгейі спот бағасының тұрақтануына әкелді, ол жыл соңына дейін бір фунт үшін 30 доллардан сәл жоғары болды.

Сыртқы дереккөздердің мәліметтеріне сәйкес (қолжетімді деректерден алынған орташа мән), 2020 жылы споттық транзакциялар көлемі 2019 жылғы көрсеткіштен шамамен 40%-ға асып, 2019 жылы орташа апталық спот бағасы бір фунт үшін 25,84 АҚШ доллары болған шамамен 56 миллион фунт U3O8 (21 500 тонна уран) салыстырғанда, орташа апталық спот бағасы бір фунт үшін 29,60 АҚШ долларына тең 77 миллион фунт U3O8 (29 800 тонна уран) құрады.

## 2020 жылдағы апталық споттық бағалардың динамикасы



### Ұзақ мерзімді нарық

Төртінші тоқсан бойы ұзақ мерзімді нарықтағы белсенділік те қалыпты болды, бұл ай сайын сыртқы дереккөздер жариялаған 35 АҚШ доллары деңгейіндегі орташа ұзақ мерзімді бағаның өзгеруіне әкелмеді. Қолжетімді сыртқы дереккөздерден алынған орташа мәнге сәйкес, ұзақ мерзімді нарықтағы транзакциялар көлемі 2019 жылғы шамамен 96 миллион фунт U3O8 (36 900 тонна уран) салыстырғанда, 2020 жылы шамамен 53 миллион фунт U3O8 (20 400 тонна уран) құрады.

### Компаниядағы оқиғалар

#### «КАТКО» БК-дағы COVID-19 өршуі

2021 жылғы қаңтарда Қазатомөнеркәсіп Қазақстан Республикасының Түркістан облысында жұмыс жүргізетін өзінің «КАТКО» қазақстан-француз бірлескен кәсіпорнында (бұдан әрі - КАТКО) COVID-19 инфекциясының өршу дерегі туралы хабарлады. 2021 жылғы 22 қаңтардағы жағдай бойынша Мойынқұм және Төртқұдық кен орындарындағы КАТКО мен оның мердігер ұйымдарының барлық жұмыскерлері ПТР-тестілеу әдісімен COVID-19-ға тексеруден өтті. Нәтижесінде, тексерілген 666 адамның 128-інен оң жағдай анықталды, олардың 20-ында сол кезде аурудың қандай да бір белгілері байқалды.

Оң нәтиже көрсеткен қызметкерлер оқшауланып, қажетті ем қабылдады. Олармен байланыста болғандар түгел анықталды. Түркістан облысы Созақ ауданының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес, Мойынқұм және Төртқұдық учаскелерінде карантин режимі енгізілді.

2021 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша екі кен орнында КАТКО мен мердігер ұйымдардың барлық қызметкерлерін ПТР әдісімен қайта тестілеу өткізілді. Мойынқұм учаскесіндегі 158 қызметкерді қайта тестілеу нәтижесінде бірде-бір оң жағдай анықталған жоқ. Жергілікті денсаулық сақтау органдарының қаулысына сәйкес, карантин режимі тоқтатылып, кейіннен күшейтілген санитарлық өңдеу шаралары жүргізілді және қызметкерлер жаңадан вахталық ауысымға кірісіп, штаттық режимдегі жұмыс қайта басталды. Вахтаға түсетін КАТКО және мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері ауысымға кіріспес бұрын Компанияның COVID-19 скринингі процесінен өтті.

Төртқұдық учаскесінде қайта тестілеудің алдын ала нәтижелері бойынша 470 қызметкер оң ПТР тестімен 30 адамды анықтады, қалған нәтижелер әлі де күтілуде. Осыған байланысты, инфекцияның одан әрі таралуын барынша азайту мақсатында кейбір технологиялық процестерді тоқтата тұруды жалғастыруды қамтитын қосымша қорғау шараларын ескере отырып, Төртқұдық учаскесіндегі карантин жалғасуда.

Алайда, КАТКО қалыптасқан жағдайда негізгі өндірістік процестерді қауіпсіз түрде жалғастыра білді және 2021 жылға арналған өндірістік жоспардың орындалуына айтарлықтай әсер етпейді деген болжам жасап отыр.

### «Семізбай-У» БК және «Қаратау» ЖШС-тегі COVID-19 жұқтыру жағдайы

2021 жылғы қаңтардың соңында Ақмола облысында жұмыс жүргізетін «Семізбай-У» БК» ЖШС (бұдан әрі - Семізбай-У) вахтаға кіріскен кезде ПТР тестінің теріс нәтижесі болған үш қызметкерде жұмыс вахтасы кезеңінде ауру белгілері пайда болды. Объектідегі ауру жұқтырудың алдыңғы жағдайларынан алынған тәжірибеге сүйене отырып, қызметкерлер дереу мамандандырылған аймақтық ауруханаға жеткізіліп, «Семізбай-У» мен осы кен орнында жұмыс істейтін мердігерлік ұйымдардың 158 қызметкері тексерілді. Тестілеу нәтижелері бойынша алғашқы үш сырқатты қосқанда 10 оң жағдай анықталып, олардың барлығы әрі қарай бақылау үшін ауруханаға жатқызылды. Жақын байланыста болғандардан 16 адам оқшауланды. 29 қаңтарда вахталық ауысым жасалып, кәсіпорынның өндірістік және операциялық қызметіне әсер еткізбестен жағдай қалпына келтірілді.

Қаңтар айының соңында міндетті тестілеу аясында «Қаратау» ЖШС-тің вахталық ауысымды аяқтаған 143 қызметкерінен 25 оң жағдай анықталып, олар дереу медициналық мекемелерге жатқызылды. Олармен байланыста болған адамдар тобын анықтау қорытындысы бойынша тағы 17 қызметкер оқшауланып, карантинге алынды. Нәтижесінде, қызметкерлерді қайта вахталау тоқтатылды, қазіргі уақытта «Қаратау» ЖШС пен оған жақын маңдағы «Ақбастау» БК» АҚ кәсіпорының жұмыскерлерін қайта тестілеу жүргізілуде, оның нәтижелері әлі алынған жоқ.

Компания Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулыларына сәйкес зардап шеккен қызметкерлердің карантинін және оқшаулауын қамтамасыз ету бойынша денсаулық сақтау органдарымен бірлескен жұмысты жалғастырып, өндірістік нысандарда және олардан тыс жерлерде де қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.

Компания КАТКО, «Қаратау» ЖШС және басқа кәсіпорындардағы жағдайды, сондай-ақ аймақтардағы COVID-19 жағдайына байланысты барлық оқиғаны бақылауды жалғастырып, үкіметтік шектеулерге сай әрекет етеді және пандемияның әсерін азайту бойынша кез-келген ұсынылған іс-шаралардың дереу орындалуына кепілдік береді.

### «Орталық» ӨК» ЖШС үлесін China General Nuclear компаниясына сату

2020 жылғы желтоқсанда хабарланғандай, Қазатомөнеркәсіп China General Nuclear Power Corporation және оның еншілес кәсіпорындарымен (CGNPC) Шығыс Қазақстан облысындағы Үлбі металлургия зауытының аумағында орналасқан жылу бөлгіш құрамалар (ЖБҚ) өндіру зауытын (Үлбі-ЖБҚ) салу бойынша жұмысты жалғастыруда. Келісімдерге сәйкес, CGNPC 20 жыл бойы жылына ЖБҚ түріндегі 200 тонна уран металының эквивалентін (барлығы 4000 тонна уран металының эквиваленті) сатып алуға міндеттенген. Қазатомөнеркәсіп пен CGNPC компаниясы «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС ЖБҚ жеткізуге жасалған ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша CGNPC-тен бірінші тапсырысты алған жағдайда, Компания тәуелсіз бағалауға сәйкес (процесте) айқындалатын нарықтық жағдайларда өзінің 100% еншілес компаниясы «Орталық» ӨК» ЖШС-тегі үлесінің 49%-на дейін CGNPC-ге немесе оның үлестес компаниясына сатады деп келісті.

Ағымдағы сертификаттау және өндірістік жоспарлар шеңберінде, сондай-ақ қосымша кідірістер болмаған жағдайда, 2021 жылдың соңына қарай алғашқы ЖБҚ өндірісі басталады деп күтілуде, ал тапсырыс берушіге ЖБҚ-ның алғашқы сертификатталған партиясын жеткізу 2022 жылға жоспарланған. CGNPC-тің ЖБҚ сатып алу бойынша міндеттемелеріне келетін болсақ, Үлбі-ЖБҚ пен CGNPC Uranium Resources Company Limited арасында ЖБҚ жеткізуге арналған бірінші бесжылдық келісімшарт 2020 жылғы желтоқсанда жасалды, енді оны тиісті құзыретті органдар бекітуі тиіс. «Орталық» ӨК» ЖШС-тің 49% үлесін CGNPC немесе оның үлестес компаниясының пайдасына өткізу жөніндегі келесі мәміле 2021 жылғы 30 маусымға дейін (қажетті корпоративтік және үкіметтік рәсімдерден өткен жағдайда) аяқталмақ.

«Орталық» ӨК» ЖШС-тегі үлесті сату жөніндегі мәміле аяқталғаннан кейін Қазатомөнеркәсіп өз үлесінің 51%-ын сақтап қалады, ал CGNPC немесе оның үлестес компаниясы осы кәсіпорында қатысу үлесінің 49%-ын сатып алады, бұл ретте серіктестер «Орталық» ӨК» ЖШС-тегі өзінің қатысу үлесіне барабар көлемде уран сатып алуды жүзеге асыратын болады.

### Қазатомөнеркәсіптің операциялық қызметінің нәтижелері<sup>1</sup>

(мың тонна U <sub>3</sub> O <sub>8</sub> , егер басқасы көрсетілмесе)	31 желтоқсанда аяқталған үш ай		Өзгеріс	31 желтоқсанда аяқталған жыл		Өзгеріс
	2020	2019		2020	2019	
Өндіріс көлемі (100% негізде) <sup>2</sup>	4 386	5 926	(26)%	19 477	22 808	(15)%

Өндіріс көлемі (иелік үлесіне барабар) <sup>3</sup>	2 427	3 448	(30)%	10 736	13 291	(19)%
Топ бойынша сату көлемі <sup>4</sup>	6 574	8 042	(18)%	16 432	16 044	2%
ҚАӨ сату көлемі (Топ бойынша сату көлеміне енген) <sup>5,6</sup>	5 402	7 231	(25)%	14 126	14 148	0%
ҚАӨ мәмілелері бойынша өткізудің орташа бағасы (АҚШ долл. /фунт U <sub>3</sub> O <sub>8</sub> ) <sup>7*</sup>	29,31	26,08	12%	29,63	26,91	10%
Ай соңындағы споттық бағалардың орташа бағасы (АҚШ долл. /фунт U <sub>3</sub> O <sub>8</sub> ) <sup>8*</sup>	29,86	25,08	19%	29,96	25,64	17%

<sup>1</sup> Барлық мәндер түпкілікті емес.

<sup>2</sup> Өндіріс көлемі (100% негізде): Компанияның қатысу үлесі бар кәсіпорындар өндірісінің жиынтық көлемін білдіреді және осы өндіріс көлемінің кейбір бөлігі Топтың бірлескен кәсіпорындары бойынша серіктестерге немесе үшінші қатысушыларға тиесілі болуы мүмкін екенін ескермейді. Өндірістің нақты нақты көлемдері конвертер деректерінің нәтижелері бойынша түзетуге жатады.

<sup>3</sup> Өндіріс көлемі (иелену үлесіне барабар): Компанияның қатысу үлесіне барабар үлесі бар кәсіпорындардың өндіріс көлемін білдіреді және "Инкай" БК-дағы өндіріс көлемін қоспағанда, бірлескен кәсіпорындар бойынша серіктестерге немесе үшінші қатысушыларға қатысты қалған бөлікті қамтымайды, мұнда "Инкай" БК-ның жылдық өндіріс көлемі (иелену үлесіне барабар) 2020 жылы Компанияның бағалы қағаздар шығару проспектісінде бұрын ашылған өнім өткізу туралы келісімнің шарттарына сәйкес 1 094 тонна U<sub>3</sub>O<sub>8</sub> құрады.

<sup>4</sup> Топ бойынша сату көлемі: Қазатомөнеркәсіпті және оның шоғырландырылған еншілес және тәуелді ұйымдарын (ҚАӨ олардың кірістілігіне елеулі әсер ететін тиісті қызметті басқару өкілеттіктерінің, (ii) осындай субъектілермен оның қатысуынан түсетін кірістердің ықпалының немесе өзгеру құқығының және (iii) Топ пайдасының мөлшеріне әсер ету үшін осындай субъектілерге өз өкілеттіктерін пайдалану қабілетінің болуы жолымен бақылайтын компанияларды) сатуды қамтиды. Негізгі құқықтардың болуы және ықпалы, соның ішінде елеулі әлеуетті дауыс беру құқықтары, ҚАӨ-нің басқа заңды тұлғаға бақылауын бағалау кезінде ескеріледі).

<sup>5</sup> Топ бойынша сату көлемі мен ҚАӨ сату көлемі (Топ бойынша сату көлеміне енгізілген) 2020 жылғы бірінші тоқсанда UF6 уран гексафториді формасында сатылған шамамен 100,5 тонна уран баламасын және 2019 жылғы төртінші тоқсанда АЭЖХА ТБУ банкінің атына төмен байытылған UF6 нысанында сатылған уран баламасының шамамен 315 тоннасын қамтымайды.

<sup>6</sup> ҚАӨ сату көлемі (топ бойынша сату көлеміне енгізілген): ҚАӨ мен KazakAtom AG (ТНҚ) сауда үйінің қорытынды сыртқы сатуларын ғана қамтиды. ҚАӨ мен ТНҚ арасындағы топшілік мәмілелер енгізілмеген.

<sup>7</sup> ҚАӨ мәмілелері бойынша сатудың орташа бағасы: ҚАӨ мен ТНҚ қорытынды сыртқы сату үшін уран концентратының бір фунты үшін орташа өлшенген баға. ҚАӨ мен ТНҚ арасындағы топшілік мәмілелер бойынша бағалар енгізілмеген.

<sup>8</sup> Дереккөз: UxC, TradeTech. Бағалар әр апта үшін споттық баға белгілеулерінің орташа мәні емес, айдың соңындағы уранның споттық баға белгілеулерінің орташа мәні болып табылады, өйткені келісімшарттық бағалар шарттары әдетте айдың соңындағы бағаға байланысты болады.

\* Назар аударыңыз, кг-ны U<sub>3</sub>O<sub>8</sub> фунтына ауыстыру коэффициенті 2,5998 құрайды.

Төртінші тоқсан мен 2020 жыл үшін иелік үлесіне барабар, сондай-ақ 100% негіздегі өндіріс көлемі кен орындарын әзірлеу жөніндегі қызметтің төмендеуінен және 2020 жылғы сәуір-шілде аралығында өндірістегі қызметкерлер санының азаюынан болжанған әсердің нәтижесінде төмен болды. Әдетте, кен орындарын игеру кезеңінен жер асты ұңғымалы шаймалау (ЖҰШ) әдісімен өндіруге көшу үшін төрт айдан сегіз айға дейін қажет, осыған байланысты 2020 жылдың бірінші жартысында қабылданған қауіпсіздік шаралары бірінші жарты жылдықпен салыстырғанда 2020 жылдың екінші жартысында өндіруге айтарлықтай әсер етті.

2020 жылдың төртінші тоқсанында Топтың және ҚАӨ сату көлемі клиенттердің сұраныстары бойынша жеткізілімдерді жүзеге асыру мерзіміне байланысты 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда төмен болғанына қарамастан, жылдық сату көлемі 2019 жылдың көлеміне ұқсас болды, екі көрсеткіш бойынша да 2020 жылға арналған болжамдық диапазондардың жоғарғы деңгейіне жетті.

Төртінші тоқсанда уранның споттық бағасы үшінші тоқсанмен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ, бірақ 2019 жылға қарағанда анағұрлым жоғары болды, бұл Қазатомөнеркәсіптің төртінші тоқсандағы және 2020 жылдың қорытындылары бойынша орташа сату бағасына оң әсер етті (тиісінше 12% және 10%-ға жоғары).

Жоғарыда ұсынылған операциялық қызметтің жылдық нәтижелері, сондай-ақ сату көлемі Компанияның 2020 жылға арналған болжамдарына толық сәйкес келеді.

## Қазатомөнеркәсіптің өндіріс және сату көлемі бойынша 2021 жылға арналған болжамдары

	2020	2021
U <sub>3</sub> O <sub>8</sub> өндіру көлемі (100% негізде) (мың тонна уран) <sup>2</sup>	19 000 – 19 500 <sup>1</sup>	22 500 – 22 800
U <sub>3</sub> O <sub>8</sub> өндіру көлемі (иелік үлесіне барабар) (мың тонна уран) <sup>3</sup>	10 500 – 10 800 <sup>1</sup>	12 550 – 12 800
Топ бойынша сату көлемі (шоғырландырылған) (мың тонна уран) <sup>4</sup>	15 500 – 16 500	15 500 – 16 000
ҚАӨ сату көлемі (Топ бойынша сату көлеміне енгізілген) (мың тонна уран) <sup>5</sup>	13 500 – 14 500	13 500 – 14 000

<sup>1</sup> COVID-19 пандемиясының әсерінен 2020 жылға арналған өндіріс көлемі бойынша болжамдар төмендеді. Төмендеуге дейін 2020 жылы өндіріс көлемі 2021 жылға ұсынылған деңгейге ұқсас болады деп болжанды. Толығырақ ақпарат алу үшін 2020 жылдың 1 тоқсанындағы Компания қызметінің Операциялық нәтижелерін қараңыз.

<sup>2</sup> Өндіріс көлемі (100% негізде): Компанияның қатысу үлесі бар кәсіпорындар өндірісінің жиынтық көлемін білдіреді және осы өндіріс көлемінің кейбір бөлігі Топтың бірлескен кәсіпорындары бойынша серіктестерге немесе үшінші қатысушыларға тиесілі болуы мүмкін екенін ескермейді.

<sup>3</sup> Өндіріс көлемі (иелену үлесіне барабар): Компанияның иелену үлесіне барабар үлесі бар кәсіпорындардың өндіріс көлемін білдіреді және Компанияның бағалы қағаздар шығару проспектісінде бұрын ашылған өткізу туралы келісімнің шарттарына сәйкес жылдық өндіріс көлемі (иелену үлесіне барабар) 2021 жылдың қорытындысы бойынша шамамен 1 299 тонна U3O8 құрайтын "Инкай" БК қоспағанда, бірлескен кәсіпорындар бойынша серіктестерге немесе үшінші қатысушыларға қатысты қалған бөлікті қамтымайды.

<sup>4</sup> Топ бойынша сату көлемі: Қазатомөнеркәсіпті және оның шоғырландырылған еншілес және тәуелді ұйымдарын (ҚАӨ олардың кірістілігіне елеулі әсер ететін тиісті қызметті басқару өкілеттіктерінің, (ii) осындай субъектілермен оның қатысуынан түсетін кірістердің ықпалының немесе өзгеру құқығының және (iii) Топ пайдасының мөлшеріне әсер ету үшін осындай субъектілерге өз өкілеттіктерін пайдалану қабілетінің болуы жолымен бақылайтын компанияларды) сатуды қамтиды. Негізгі құқықтардың болуы және ықпалы, соның ішінде елеулі әлеуетті дауыс беру құқықтары, ҚАӨ-нің басқа заңды тұлғаға бақылауын бағалау кезінде ескеріледі).

<sup>5</sup> ҚАӨ сату көлемі (Топ бойынша сату көлеміне енгізілген): ҚАӨ мен KazakAtom AG (ТНК) сауда үйінің қорытынды сыртқы сатуларын ғана қамтиды. ҚАӨ мен ТНК арасындағы топшілік мәмілелер енгізілмеген.

\* Назар аударыңыз, кг-ны U3O8 фунтына ауыстыру коэффициенті 2,5998 құрайды.

2018-2022 жылдар аралығындағы кезеңде жоспарланған өндіріс көлемін 20%-ға (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде өндірудің жоспарланған деңгейімен салыстырғанда) қысқарту ниетімен 2021 жылы Қазатомөнеркәсіптің өндіріс көлемі бойынша болжамдар бұрынғысынан нарыққа бағдарланған стратегияға сәйкес сақталады. 2021 жылы өндіріс көлемі 100% негізде 22 500-ден 22 800 тоннаға дейін уранды, қатысу үлесіне барабар түрде 12 550-ден 12 800 тоннаға дейін уранды құрайды деп болжануда; қысқартусыз, 2021 жылы өндіріс көлемі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес шамамен 28 000 тонна уран деңгейінде (100% негізде) болар еді.

Сату көлемі бойынша 2021 жылға арналған болжамдар да нарыққа бағытталған стратегияға сәйкес келеді. Топ сату көлемін 2020 жылғы көлемге ұқсас 13 500 және 14 000 тонна уран арасындағы ҚАӨ сату көлемі бойынша болжамдарды қоса алғанда, 15 500-ден 16 000 тоннаға дейін уран деңгейінде күтеді. Өндіріс көлемінен асатын сатулар негізінен қорлар есебінен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар бойынша әріптестермен жасалған келісімшарттар мен келісімдер бойынша және өзге үшінші тараптардың есебінен ҚАӨ-нің еншілес және тәуелді кәсіпорындары есебінен жүзеге асырылмақ.

Компания табиғи уран қорларының (қоймалардағы қалдықтардың) деңгейін жылдық өндірістің шамамен алты-жеті айлық көлемінің иелену үлесіне барабар (шамамен 6 000-нан 7 000 тоннаға дейін уран, ТНК сауда көлемдерін есепке алмағанда) деңгейінде ұстап тұруға ұмтылысын жалғастыруда. Сонымен бірге, Компания тұрақты түрде нарық мониторингін жүргізеді және ұзақ мерзімді нарықтық құнды құру стратегиясына сәйкес Қазатомөнеркәсіп маусымдыққа және өзгермелі нарықтық жағдайларға байланысты өндіріс пен сату көлемдерін оңтайландыру мақсатында кез келген уақыт кезеңінде нысаналы диапазоннан тыс қорлар деңгейін сақтай алады.

Компанияның қаржылық көрсеткіштері бойынша 2021 жылға арналған болжамдар 2021 жылғы 16 наурызда жарияланатын 2020 жылғы қаржылық жай-күйі мен қызмет нәтижелерін талдауда қаржылық нәтижелермен бірге жарияланады.

### **Конференц-қоңырау (2020 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық жай-күйі мен қызмет нәтижелерін талдау – 2021 жылғы 16 наурыз)**

Қазатомөнеркәсіп 2021 жылғы 16 наурызда жарияланғаннан кейін 2020 жылдың қорытындылары бойынша операциялық және қаржылық нәтижелерді талқылау үшін конференц-қоңырау өткізуді жоспарлап отыр. Толығырақ ақпарат іс-шара өтетін күнге жақын беріледі.

Толығырақ ақпарат алу үшін хабарласуға болады:

#### **Инвесторлармен өзара іс-қимылға байланысты сұрақтар бойынша:**

Кори Кос (Cory Kos), IR департаментінің директоры

Тел: +7 7172 45 81 80 Email: ir@kazatomprom.kz

## **Қоғаммен байланыс және БАҚ сұрақтары бойынша:**

Торғын Мукаева, GR ж PR департаментің бас сарапшысы

Тел: +7 7172 45 80 63 Email: [pr@kazatomprom.kz](mailto:pr@kazatomprom.kz)

### **Қазатомөнеркәсіп туралы**

Қазатомөнеркәсіп – әлемдегі ең ірі уран өндіруші компания. Компания 2020 жылы табиғи уран өндірісі бойынша әлемдегі жиынтық уран өндірісінің шамамен 23%-ын құрады. Топ саладағы аса ірі резервтік уран базасына ие. Қазатомөнеркәсіп еншілес, тәуелді және бірлескен кәсіпорындарымен бірге 24 учаскені игеретін 13 уран өндіруші кәсіпорынға ие. Уран өндіруші кәсіпорындар Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан, сонымен қатар барлық кәсіпорындар жер асты ұңғымалы шаймалау (ЖҰШ) әдісін пайдаланады және денсаулық сақтауда, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауда алдыңғы қатарлы тәжірибелерді қолдануға басымдық беріледі.

Қазатомөнеркәсіптің бағалы қағаздары Лондон қор биржасында және «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасында орналастырылған. Қазатомөнеркәсіп Қазақстан Республикасының Ұлттық атом компаниясы саналады және Топтың негізгі клиенттері – атом өндіруші қуат операторлары, ал өнімдер үшін негізгі экспорттық нарық – Қытай, Оңтүстік және Шығыс Азия, Солтүстік Америка және Еуропа. Топ уран мен уран өнімдерін ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді келісімшарттар бойынша, сондай-ақ спот нарығында тікелей Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан бас кеңсе немесе Швейцариядағы Trading House KazakAtom (ТНҚ) еншілес кәсіпорны арқылы сатады.

Толық ақпарат біздің сайтымызда: <http://www.kazatomprom.kz>.

### **Келешекке қатысты мәлімдемелер**

Осы хабарламаға немесе құжатқа енгізілген тарихи фактілерді қоспағанда, барлық мәлімдемелер болашаққа қатысты мәлімдеме болып табылады. Болашаққа қатысты мәлімдемелер компанияның қаржылық жай-күйіне, қызмет нәтижелеріне, жоспарларына, мақсаттарына, болашақ нәтижелері мен қызметіне қатысты ағымдағы күтулері мен болжамдарын көрсетеді. Мұндай мәлімдемелер басқалармен бірге «нысаналы көрсеткіш», «санау», «күту», «мақсат», «ниеттену», «мүмкін», «болжай білу», «есептеу», «жоспар», «болжау», «болады», «болуы мүмкін», «ықтимал», «тиіс», «болуы мүмкін» сияқты сөздер мен айналымдарды, сондай-ақ ұқсас мағынадағы басқа да сөздер мен ұғымдарды немесе мәлімдеме мәтініне дейін, мәтінінен кейін немесе мәтінінің ішінде тұруы мүмкін олардың теріс пішіндерін қамтуы ықтимал.

Болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелер компанияға тәуелді емес белгілі және белгісіз тәуекелдерді, белгісіздіктерді және басқа да маңызды факторларды қамтиды, олар компанияның нақты нәтижелері, көрсеткіштері немесе жетістіктері болашақта қатысты осындай мәлімдемелермен көрсетілген немесе болжанатын күтілетін нәтижелерден, көрсеткіштерден немесе жетістіктерден айтарлықтай ерекшеленетін болады. Болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелер компанияның қазіргі және болашақ бизнес-стратегиясына және болашақта жұмыс істейтін шарттарға қатысты көптеген болжамдарға негізделген.

**ОСЫ ҚҰЖАТТА ҚАМТЫЛҒАН БОЛЖАМДАРҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТ БОЛАШАҚ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ БІРҚАТАР БОЛЖАМДАРҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ ЖӘНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛІ БЕЛГІСІЗДІККЕ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖАҒДАЙЛАРҒА ҰШЫРАЙДЫ, ОЛАРДЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫ СЕНІМДІЛІКПЕН БОЛЖАНА АЛМАЙДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КЕЙБІРЕУЛЕРІ КОМПАНИЯНЫҢ БАҚЫЛАУЫНАН ТЫС ЖЕРДЕ БОЛАДЫ. БОЛЖАМДАР ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫНЫНА ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІК БОЛА АЛМАЙДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТІЛГЕННЕН ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ ТӨМЕН БОЛУЫ МҮМКІН. КОМПАНИЯНЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫ – ОНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ДЕ, ДИРЕКТОРЛАРЫ ДА, ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ ДА, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕ, КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ДА, ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ҚАНДАЙ ДА БІР ӨКІЛДЕРІ НЕМЕСЕ ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ – ОСЫ ҚҰЖАТТА ҰСЫНЫЛҒАН БОЛЖАМДАРДЫҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.**

Осы хабарламада немесе құжатта қамтылған ақпарат, басқаларымен қатар болашаққа қатысты мәлімдемелерді қоса алғанда, осы құжаттың күнінде ғана қолданылады және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір кепілдіктер беруге арналмаған. Компания қаржылық деректерді немесе болжамды мәлімдемелерді қоса алғанда, осындай ақпараттың жаңартуларын немесе өзгерістерін тарату жөніндегі қандай да бір міндеттемелерден бас тартады және ол компанияның күтулеріндегі өзгерістер, болашаққа қатысты осындай мәлімдемелер негізделген оқиғалар, шарттар немесе мән-жайлар нәтижесінде немесе осы құжаттың күнінен кейін туындайтын басқа да оқиғалар немесе мән-жайлар нәтижесінде туындайтын ақпаратқа енгізілуі мүмкін қандай да бір өзгерістерді көпшілік алдына шығармайды.

